

«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы
коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны математика әдістемелік пән бірлестік мүшелері
қатысуымен болып өткен отырысының

№ 1 ХАТТАМАСЫ

29.08.2024жыл

Қатысқандар – 15

Қатыспағандар - 0

Қаралды:

1. 2023-2024 оқу жылы бойынша әдістемелік жұмыстардың қорытынды есебі;
ӘБ жетекшісі Әлі Ақнұр
2. «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін
ұйымдастырудың 2024-2025 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау
хатты талқылау.

а) негізгі орта білім деңгейіндегі пәндерді оқытудың ерекшеліктері;
ә) жалпы орта білім деңгейіндегі пәндерді оқытудың ерекшеліктері.
ӘБ жетекшісі Әлі Ақнұр
3. 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспарын талдау, бекіту; пед жүктемені бөлу;
ӘБ жетекшісі Әлі Ақнұр
4. Оқу жылы ағымындағы пән апталықтарының өткізу кестесімен таныстыру;
ӘБ жетекшісі Әлі Ақнұр
5. Педагог қызметкерлерді аттестаттау ережесімен таныстыру;
ӘБ жетекшісі Әлі Ақнұр
6. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылардың жоспарын бекіту;
ӘБ жетекшісі Әлі Ақнұр
7. Біліктілікті арттыру курстарынан өтетін мұғалімдердің кестесін бекіту.
ӘБ жетекшісі Әлі Ақнұр
8. Lesson Study жоспарын бекіту

ӘБ жетекшісі Әлі Ақнұр

Тыңдалды:

1. Алғашқы сөз кезегін ӘБ жетекшісі Әлі Ақнұр бірлестік мүшелерін жаңа оқу жылымен құттықтап 2023-2024 оқу жылы бойынша әдістемелік жұмыстардың қорытындысын баяндады. 2023-2024 оқу жылында математика пәні бірлестігінде «Сындарлы оқытуды сабақта пайдалана отырып, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру» деген тақырыпта жұмыс атқарды. Әдістемелік бірлестіктің аталған тақырыптағы жоспарланған жұмысы, әрбір сабақты тиімді өткізіп, оқушыларға сапалы білім беруді мақсат еткен.

Отырыс жоспарлары мен жылдық жоспар жасалынып бекітілген. Оқу жылының басында әдістемелік отырыстың мәжілісі болып, мұғалімдердің сағат жүктемелері анықталынды. Оларға арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар жасаланып, талқыланып бекітілді.

Бірлестікте 15 мұғалім жұмыс жасайды. Олардың ішінде 6 педагог-зерттеуші, 1 педагог-сарапшы, 5 педагог-модератор, 3 жас маман.

2. Келесі мәселе бойынша ОБ жетекшісі Әлі Ақнұр нұсқаулық хатпен таныстырып талқылады.

«Математика» пәнінің оқу бағдарламасы функционалдық-коммуникативтік бағытқа негізделіп құрастырылды. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» азақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес негізгі орта білім беру деңгейінде 5-6 сыныптарда «Математика» пәні, 7-9 сыныптарда «Алгебра» және «Геометрия», 10-11 сыныптарда жаратылыстану-математика және қоғамдық-гуманитарлық бағыттар бойынша «Алгебра және анализ бастамалары» және «Геометрия» пәндері оқытылады.

«Математика», «Алгебра», «Алгебра және анализ бастамалары» және «Геометрия» пәндеріне бөлінген оқу жүктемелері «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің Үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (соңғы өзгерістер мен толықтырулар 2022 жылғы 26 қаңтардағы №25 бұйрықпен енгізілген) бекітілген. Осы бұйрыққа сәйкес жалпы білім беретін мектептердегі оқу процесінде Үлгілік оқу жоспарының екі түрі: Үлгілік оқу жоспарлары (негізгі) және төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарлары қолданылады.

11.2-кесте – Қолданыстағы оқу бағдарламалары бекітілген бұйрықтар

Үлгілік оқу бағдарламаларының түрлері	Сынып	ҚР Білім және ғылым министрінің бұйрығымен енгізілген толықтырулар мен өзгерістер
Негізгі	5-9	25.10.2017 ж. №545
	10-11	27.07.2017 ж. №352 07.03.2019 ж. №105 (Геометрия, 10-11 сыныптар, ЖМБ, Ұзақ мерзімді жоспар)
оқу жүктемесі төмендетілген	7-11	27.11.2020 ж. №496 (Алгебра 7-9 сыныптар, Геометрия 7-9 сыныптар, Алгебра және анализ бастамалары 10-11 сыныптар, ЖМБ; ҚГБ)

2023-2024 оқу жылында білім алушылардың өткен оқу жылдарындағы біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру және жаңа оқу жылына арналған оқу бағдарлама сындағы оқу мақсаттарының меңгерілуін қамтамасыз ету бойынша мақсатты жұмыс жоспарын дайындаудың ретімен таныстырылды.

«Математика, физика» пәнінен білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру үшін 5-9-сыныптарға арналған оқу бағдарламасы бойынша өткен оқу жылдарының оқу мақсаттарына сәйкес келетін жаңа оқу жылындағы оқу мақсаттарын анықтау қажеттілігін айтып өтті. Үлгілік оқу бағдарламалары ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес жүзеге асырылады, онда бөлімдер оқу жылы ішінде оқытылады және мұғалім оқу сағаттарын және оқу мақсаттарының кезектілігін тоқсан ішінде еркін бөледі.

3. 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспарын талдау, бекіту; пед жүктемені бөлу;

2024-2025 жылдың тамызындағы педагогикалық кеңестің шешімін ескере отырып, биылғы 2024-2025 оқу жылындағы «Ұзақ мерзімді», «Қысқа мерзімді» жоспарларының қалай жасалуын талқылап, бір шешімге келіп, бекітті, яғни электронды нұсқада, kundelik.kz жүктелетін болып келісілді. Ағымдағы оқу жылында өтетін қалалық, облыстық көлемдегі байқауларға оқушыларды дайындау әрбір пән мұғалімдерінің күн тәртібіндегі ең бірінші мәселесі болуы керек тігі айтылды. Мұғалімдердің күнтізбелік тақырыптық сабақ жоспарларының бағдарламаларын бекіттіру мақсатында әрбір мұғалімнің сабақ

жүктемесіне сәйкес құрастырылған ұзақ мерзімді жоспарлары қарастырылды. Кемшіліксіз талапқа сай екендігі анықталды.

4. Оқу жылы ағымындағы пән апталығының өткізу кестесімен таныстыру

Ағымдағы оқу жылының бірінші жарты жылдығында математика пәні апталығы өтетіндігі айтылып, таныстырылды. 2024 ж 2 қыркүйек № 195/1 бұйрығымен онкүндік пән апталық кестесі «3» ақпан - «14» ақпан 2025 ж аралығында өтетіндігі айтылды.

5. Педагог қызметкерлерді аттестаттау ережесімен таныстыру

Күн тәртібінде келесі 5-мәселе бойынша педагог қызметкерлерді аттестаттау ережесімен таныстыру. Шымкент қаласының білім басқармасы ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығындағы 2 тарау 2 параграфтегі «Бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу тәртібі мен шарттары» аттестаттаудан өтетін мұғалімдерге таныстыру жұмысы жүргізілді.

Кезекті Ұлттық біліктілік тестілеуі электрондық форматта (компьютерлік тестілеу) өткізіледі. Ұлттық біліктілік тестілеудің электрондық форматы толық ақпарат қосымша түрде жолданатындығы айтылды.

6. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылардың тізімін нақтылау, жоспарын бекіту

Келесі кезекте оқушылардың үлгерім сапасына тоқтала келе, олардың білімді қабылдау мүмкіндігі әртүрлілігіне байланысты дарынды және үлгерімі төмен оқушыларға жасаған жұмыс жоспарлары талқыланды. Бізге мәлім әр сыныптағы балалардың жас шамасы қатар болса да түсінуі, құбылысты қабылдау қабілеттері әртүрлі. Соның нәтижесінде әр сыныпта аз да болса сабаққа ынтасы төмен, үлгірмейтін оқушылар кездеседі.

Мұндай оқушыларды толық үлгерімге жеткізу- мұғалімнің қиын да абыройлы міндеті. Сол мақсатта жұмыс жүргізген пән мұғалімдері арнайы жоспарын жасап, бекітті.

7. Біліктілікті арттыру курстарынан өтетін мұғалімдердің кестесін бекіту.

2024-2025 оқу жылында математика пәні бірлестігінен екі апталық пән бойынша біліктілігін арттыру курсына 2 пән мұғалімдер сұраныс берді.

Сөз соңында ӘБ жетекшісі математика оқу бөлмелерін жаңа оқу жылына даярлау, кабинет жоспарын түзу, дидактикалық материалдар санын көбейту, оны сабақтарында тиімді пайдалану керектігі туралы сөз қозғады. Сонымен бірге «Білім туралы» Заңы, «Тіл туралы заңы», «Бала құқықтары туралы конвенция» т.б заңнамалары отырыста қаралып, бірауыздан бірлестік мүшелерінің шешімімен бір портфолиоға жинақталатындығына бірауыздан келісті.

8. Lesson Study

Lesson Study жоспарын қалай жасалуын талқылап, бір шешімге келіп, бекітілді. Мұғалімдерге сабақты өту барысында тапсырмаларға сәйкес деңгейлік тапсырмаларды тиімді пайдаланып өткізу тапсырылды.

Жоғарыдағы мәселелерді талқылай келе, мәжіліс мынадай шешім етеді.

Шешім:

1. 2023-2024 оқу жылындағы атқарылған жұмыстар қанағаттанарлық деп табылсын;
2. 2024-2025 Әдістемелік нұсқау хаты талқыланып орындалсын, оқу жылының міндеттерімен бірлестік мүшелері толық таныстырылып, міндеттер орындалуына мақсат көзделсін;
3. 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспары талданып, пед жүктемесі бөлініп, әдістемелік жұмыс жоспары бекітілсін;
4. Мұғалімдердің жылдық жүктемесіне қарай бағдарламалар талқыланып, жасалынған күнтізбелік жоспар қаралып, бекітуге жіберілсін;
5. Оқу жылы ағымындағы пән апталықтарының өткізу кестесімен таныстырып дайындық жүргізілсін;
6. 2023-2024 оқу жылындағы ҰБТ қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын;
7. Аттестациялаудан өтетін мұғалімнің құжаттары толықтырылсын;
8. Қалалық, облыстық көлемдегі өткізілетін әр түрлі байқауларға оқушыны дайындап, қатыстырылсын;
9. Мұғалімдер сабақтарында оқытудың жаңа әдістерін пайдалана отырып, тиімді және әртүрлі қызмет түрлерін (телеуроктар, интернет-платформалар арқылы сабақтар, өзіндік жұмыс, чат-сабақтар және т.б.), қолжетімді ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып білім беру жолға қойылсын.
10. Lesson Study жоспарын бекітіліп, жоспарға сәйкес жұмыс жүргізілсін.

Жиналыс төрағасы  Әлі Ақнұр

Жиналыс хатшысы  Қадіркен III

«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы
коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны математика әдістемелік пән бірлестік мүшелері
қатысуымен болып өткен отырысының

№ 2 ХАТТАМАСЫ

05.11.2024 жыл

Қатысқандар - 15

Қатыспағандар-жоқ

Қаралды:

1. I тоқсандағы оқу процесінің үлгерім,бақылау жұмыстарының сараптамасының қорытындысы;
2. ҰБТ қосымша сабақтардың өтілуі дәрежесі математика және математикалық сауаттылық пәнінен «Ұлттық бірыңғай тестілеуге оқушыларды деңгейлік әдіс тәсілін қолдану арқылы білім сапасын көтеру»;
3. Кіші ғылыми конференцияға оқушыларды дайындау, бекіту оқушылар тізімін нақтылау;
4. Мектепшілік оқушылар олимпиадасының қорытындысы;
5. ҰБТ, ББЖМ-ға дайындық барысының қорытындысы;
6. Мұғалімнің санатын жоғарылату мәселесі бойынша жұмыс нәтижелері;

ӘБ жетекшісі Әлі Ақнұр

Тыңдалды:

1. Алғашқы сөз кезегін ӘБ жетекшісі Әлі Ақнұр сөз алып, I тоқсандағы оқу процесінің үлгерім, бақылау жұмыстарының сараптамасының қорытындысына тоқталып өтті.
2024-2025 оқу жылының I тоқсанында математика пәні бойынша білім сапасының және жиынтық бағалау қорытындысы көрсеткіштері қоса тігілді.

Математика пәнінен үлгерім қорытындысы

I-тоқсан

Пән	Сынып	Оқушылар саны	Үлгерім			Орташа балл	Үлгерім %	Білім сапасы %
			Үздік	Жақсы	Қанағат.			
Математика	5	271	60	100	111	3,8	100	59
Математика	6	270	66	103	101	3,87	100	62,4
Алгебра	7	272	46	108	118	3,74	100	56,62
Алгебра	8	271	36	113	122	3,68	100	54,98
Алгебра	9	263	38	110	115	3,71	100	56,27
Алгебра және анализ бастамалары		165	16	82	67	3,68		59.2

	10						100	
Алгебра және анализ бастамалары	11	140	24	54	62	3,73	100	55.6
жалпы		1652	286	670	696	3.74	100	57,7

2. ҰБТ қосымша сабақтардың өтілуі дәрежесі математика пәнінен «Ұлттық бірінғай тестілеуге оқушыларды деңгейлік әдіс тәсілін қолдану арқылы білім сапасын көтеру»

Күн тәртібіндегі өзекті мәселенің бірі ҰБТ және ББЖМ-ға дайындық іс-шаралары жоспарланып, бекітілгендігін, оқушылардың тест тапсыру ережелерімен таныстырылғандығын, ББЖМ, ҰБТ-ға байланысты ата-аналар жиналысының өткізілгендігін айтып өтті. 9-11 сыныптарға математика пәнінен тақырыптық тесттер дайындалып, апталық байқау сынақтарының өткізіліп отырғандығы жайлы және байқау тест қорытындылары бойынша апта сайын мониторингі жасалып отыратындығы айтылды.

3. Кіші ғылыми конференцияға оқушыларды дайындау, бекіту оқушылар тізімін нақтылау. Келесі мәселе бойынша ғылыми конференцияға оқушыларды дайындау жайында ӘБ жетекшісі сөз қозғады. Әр пән мұғалімі өзінің жетекшілік ететін оқушыларымен үзбей жұмыс істеп келе жатқандықтарын тілге тиек етті. Болашақта оқушылар сол шығармаларын өз деңгейінде қорғап шыға алатындай жұмыс жүргізу керектігін ескертіп өтті.

4. Мектепішілік оқушылар олимпиадасының қорытындысы.

10-11 сынып оқушыларына арналған "Алтын түлек" олимпиадасының мектепішілік кезеңінің хаттамасы

№	Қатысушының фамилиясы, аты	Сыныбы	I бөлімнің ұпай саны	II бөлімнің ұпай саны	III бөлімнің ұпай саны	Қорытынды балл	Иеленген орны	Аудандық кезеңге өткенде р ("өтті" деп жазылу керек)	Математика мұғалімінің аты-жөні
1	Медіхан Азамат	11	8	20,00	18,00	46,00			Рыскулова Биби
2	Балғабек Бекзат	11	12	15,00	6,00	33,00			Ергеш Назерке
3	Абилда Ақжан	11	16	30,00	12,00	58,00	3 орын	өтті	Ергеш Назерке
4	Қыдырбек Айжамал	11	12	20,00	18,00	50,00	3 орын	өтті	Ергеш Назерке
5	Алтай Ғанибет	11	20	20,00	12,00	52,00	3 орын	өтті	Ергеш Назерке
6	Тәкен Ақмарал	11	28	25,00	18,00	71,00	2 орын	өтті	Рыскулова Биби
7	Доспол Әділет	11	24	30,00	18,00	72,00	1 орын	өтті	Сапарова Гүлжан

8	Әділхан Азамат	11	8	10,00	6,00	24,00			Ергеш Назерке
9	Турсынбек Сәкен	10	24	25,00	24,00	73,00	1 орын	өтті	Әлі Ақнұр
10	Сейтнасыр Айару	10	16	25,00	18,00	59,00	3 орын	өтті	Ергеш Назерке
11	Мурсалиев Арсен	10	20	20,00	18,00	58,00	3 орын	өтті	Ергеш Назерке
12	Ақхожа Ұлмира	10	4	15,00	18,00	37,00			Рыскулова Биби
13	Алыбай Шыңғыс	10	28	25,00	24,00	77,00	1 орын	өтті	Сапарова Гүлжан
14	Әбсаттар Асланбек	10	16	25,00	30,00	71,00	2 орын	өтті	Сапарова Гүлжан
15	Тоқтамысова Балхадиша	10	24	15,00	18,00	57,00	3 орын	өтті	Сапарова Гүлжан
16	Сыбаңқұл Аршат	10	0	14	24	38			Рыскулова Биби
17	Калибек Нұрдияр	10	20	20	6	46			Әлі Ақнұр
18	Еркінбек Ақнұр	10	8	15	24	47			Пернебаев а Қасиет
19	Қаржаубай Ұлмекен	11	Келмеді						
20	Мырзалы Нұрай	11	Келмеді						

Сонымен бірге Дарын орталығынан тапсырмалар мен жауап парақтары келіп, ұйымдастыру комитеті мен қазылар алқасы құрылды. Алдын ала олимпиаданы өткізу туралы ережесі бекітіліп, қазылар алқасының құрамы сайланды. Олимпиаданың өткізу кестесі түзіліп, жауапты мұғалімдер анықталынды. Мектеп директоры Л.Н.Мырзақасымова атына сұраныс жазылды. Олимпиада комиссия мүшелерінің алдын-ала дайындаған бір кезеңнен тұратын тапсырмаларын орындау негізінде жүргізілді.

Күн тәртібіндегі өзекті мәселенің бірі ҰБТ және ББЖМ-ға дайындық іс-шаралары жоспарланып, бекітілгендігін, оқушылардың тест тапсыру ережелерімен таныстырылғандығын, ББЖМ, ҰБТ-ға байланысты ата-аналар жиналысының өткізілгендігі айтылды. 9-11 сыныптарға пәндерінен тақырыптық тесттер дайындалып, апталық байқау сынақтарының өткізіліп отырғандығы жайлы және байқау тест қорытындылары бойынша апта сайын мониторингі жасалып отыратындығы айтылды. ББЖМ бойынша 9-сыныптарға жауапты математика пәні мұғалімдері Әлі Ақнұр, Ергеш Назерке, Ешенбаева Ақбаян, Абилова Акмарал, Сапарова Гүлжан тағайындалған және ҰБТ бойынша 11-сыныптарға жауапты математика пәні Ергеш Назерке мен Сапарова Гүлжан тағайындалған. Пән мұғалімдері ББЖМ және ҰБТ-ға дайындық жоспар бойынша қосымша сабақтар өтіп жатыр.


6. Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстан жаңа әлем көшбасшыларының қатарына қосылу үшін педагогтарды оқыту және олардың біліктілігін арттыру керектігін айтты. Сол мақсатта 2024-2025 оқу жылында педагог қызметкерлерге арналған жаңа форматтағы Ұлттық біліктілік тестке мұғалімдер арасынан педагог-зерттеуші

санатын Абилова А, Рыскулова Б және Сайдомар Г мұғалім өз санатын қайта бекітті.. Ағымдағы мәселе бойынша бірлестік мұғалімдеріне психологиялық кеңестер берілді.

Жиналыс жоғарыдағы мәселелерді талқылай келе мынадай шешім етеді.

ШЕШІМ:

1. I тоқсандағы оқу процесінің үлгерім, бақылау жұмыстарының мониторингісінің қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын;
2. ҰБТ қосымша сабақтардың өтілуі дәрежесі математика пәнінен «Ұлттық бірыңғай тестілеуге оқушыларды деңгейлік әдіс тәсілін қолдану арқылы білім сапасын көтеру» бойынша оқушылар деңгейіне қарай сабақтар жүргізілсін;
3. Кіші ғылыми конференцияға оқушыларды дайындау, бекіту оқушылар тізімін нақтылау;
4. Мектепшілік оқушылар олимпиадасының қорытындысы бойынша қалалық олимпиадаға оқушыларға дайындық жұмыстарын пән мұғалімдері жандандырсын;
5. ҰБТ, ББЖМ-ға дайындық барысы байқау тест қорытындылары бойынша апта сайын мониторингі жасалынып жұмыстар жүргізілсін;

Жиналыс төрағасы  Әлі Ақнұр
Жиналыс хатшысы  Қадіркен Ш

«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны математика әдістемелік пән бірлестік мүшелері қатысуымен болып өткен отырысының

№ 3 ХАТТАМАСЫ

07.01.2025 жыл

Қатысқандар - 14

Қатыспағандар-жок

Қаралды:

1. I жарты жылдық қорытындысы бойынша есебі;
2. II тоқсандағы оқу процесінің үлгерімі;
3. Аудан немесе қалалық пән олимпиадасының қорытындысын талқылау.
4. Пән апталығының өту барысы
5. «Алтын белгі» және «Үздік аттестат» үміткерлерімен дайындық барысы. 9,11 сыныптарға қорытынды аттестаттауға дайындық.
6. PISA, PIRLS, TIMSS, ББЖМ дайындық барысы
7. Әр түрлі мәселелер

ӘБ жетекшісі Әлі Ақнұр

Тыңдалды:

1. Алғашқы сөз кезегін ӘБ жетекшісі Әлі Ақнұр сөз алып, I жарты жылдықтың аяқталуы әдістемелік жұмыстардың қорытынды есебіне және пән мұғалімдерінің I жарты жылдық қорытындысы бойынша есебіне тоқталып өтті. 2024-2025 оқу жылында әдістемелік бірлестік «Математика сабағында құндылыққа баулу арқылы білім беруді жаңашаландырып, оқушылардың функционалдық және креативті ойлау қабілеттерін дамыту» деген тақырыпта жұмыс атқаруда. Мақсаты: «Сабақта жаңа технология әдістерін қолдана отырып, оқушылардың біліктілігін арттыру».

Бірлестікте жалпы 14 мұғалім жұмыс атқарады. Барлығы жоғары білімді, оның ішінде «Педагог- зерттеуші» біліктілік санатында – 6, «Сарапшы – педагог» -1, «Педагог-модератор»-5, «Педагог»-2. Пән мұғалімдерімен өзара сабаққа ену, ашық сабақтарға қатысу, интернет жүйесімен жұмыс жасау жүргізілуде.

2. Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша, ӘБ жетекшісі II тоқсандағы оқу процесінің үлгерімі жайлы сөз қозғады. 2024-2025 оқу жылының II тоқсанында оқушылардан алынған бөлім бойынша жиынтық бағалау (ББЖБ) және тоқсан бойынша жиынтық бағалау (ТБЖБ) жұмыстары уақытында алынып Kundelik.kz сайтына қойылып отырды.

II-тоқсан

Пән	Сынып	Оқушылар саны	Үлгерім			Орташа балл	Үлгерім %	Білім сапасы %
			Үздік	Жақсы	Қанағат.			
Математика	5	222	45	85	92	3,79	100	58,56
Математика	6	220	49	89	82	3,84	100	62,7
Алгебра	7	226	36	92	98	3,73	100	56,69
Алгебра	8	215	25	98	92	3,69	100	57,2

Алгебра	9	239	36	103	100	3,73	100	58,16
Алгебра және анализ бастамалары	10	146	15	69	62	3,68	100	57,53
Алгебра және анализ бастамалары	11	140	27	54	59	3,76	100	57,8
жалпы	жалпы	1408	233	590	585	3,75	100	58,45

3. Келесі мәселе бойынша мектепшілік оқушылар олимпиадасының қорытындысы жайлы сөз қозғалды. 2024-2025 оқу жылында келген хаттар мен конкурстар тізімі математика пәні бойынша, мұғалімдер жетістіктері

«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің математика пәні әдістемелік бірлестігінің 2024-2025 оқу жылының мұғалім жетістіктері туралы мәлімет

№	Мұғалім аты-жөні	Байқаудың атауы	Өтілген орны	Нәтижесі
1	Рыскулова Бибі	Үздік авторлық бағдарлама	Астана -2024ж	Диплом
		“Өрлеу” БАҰО	Шымкент -2024	Мадақтама
		Шымкент қаласы Білім басқармасы әдістемелік орталығы	Шымкент-2024	Авторлық бағдарлама
2	Нуржигитова Балжан Закирбековна	«ОҚУШЫНЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ҚАБІЛЕТІ МЕН МАТЕМАТИКА ПӘНІНЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ» әдістемелік жинақ.	Шымкент 2024 жыл	Оқу-әдістемелік жинақ
3	Сапарова Гульжан Туякбайқызы	МАДАҚТАМА	Шымкент-2024	Мадақтам а № 690
		“Шымкент қаласы білім, спорт және бюджеттік мекеме қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы” қоғамдық бірлестігі	Шымкент 2024ж	Алғыс хат

2024-2025 оқу жылындағы оқушылардың жетістіктері туралы мәлімет

№	Мұғалімі	Оқушының аты-жөні	Сынып	Байқаудың атауы	Өтілген орны	Нәтижесі
1	Орынбай Жанар	Сағынтай Аян	5 г	Алтын сақа	мектеп	2-орын
2	Сайдомар Гулнар	Кенбай Әбдікәрім	5 в	« Ақбота » Дарын Олимпиадасы	Шымкент-2024ж	Диплом 1-орын
3	Сайдомар Гулнар	Байбек Гүлсезім	7 г	« Ақбота » Дарын Олимпиадасы	Шымкент-2024	Диплом 2-орын
4	Сайдомар Гулнар	Ерболатұлы Ердәулет	5 ә	« Ақбота » Дарын Олимпиадасы	Шымкент-2024	Диплом 2-орын
5	Сайдомар Гулнар	Еркінбек Айсұлтан	5 а	« Ақбота » Дарын Олимпиадасы	Шымкент-2024	Диплом 2-орын
6	Сайдомар Гулнар	Кенбай Әбдікәрім	5 в	« Алтын сақа» Дарын Олимпиадасы. аудандық кезең	Шымкент-2024	Диплом 2-орын
7	Мәдіханова Оразкүл	Шаріпхан Ажар	7 д	Жалпы білім беретін пәндер бойынша 7-8 сынып оқушыларына арналған Республикалық Олимпиаданың екінші аудандық кезеңі	Шымкент 2024ж	Диплом 3 орын
8	Дармениязов а Гульчехра	Исмаи Мухаммадамин	6 ғ	« Ақбота » Дарын Олимпиадасы	Шымкент 2024-2025ж	Диплом I-орын

9	Дармениязов а Гульчехра	Нөкербек Раяна Диндарбекқыз	6 ғ	«Ақбота» Дарын Олимпиадасы	Шымкент 2024-2025ж	Диплом III-орын
10	Дармениязова Гульчехра	Альмет Серік Хасенұлы	6 ғ	«Ақбота» Дарын Олимпиадасы	Шымкент 2024-2025ж	Диплом III- орын
11	Дармениязова Гульчехра	Исмаг Мухаммадамин Ержанұлы.	6 ғ	« Алтын сақа» Дарын Олимпиадасы. аудандық кезең	Шымкент 2024ж	Диплом III-орын
12	Дармениязова Гульчехра	Қуанышбай Еркеқыз Нұрболқызы	6 ғ	Жалпы білім беретін пәндер бойынша 5-6 сынып оқушыларына арналған Республикалық Олимпиаданың бірінші мектепшілік кезеңі.	Шымкент 2024ж. Дарын орталығы	Грамота I-орын..
13	Дармениязова Гульчехра	Қуанышбай Еркеқыз Нұрболқызы	6 ғ	Жалпы білім беретін пәндер бойынша 5-6 сынып оқушыларына арналған Республикалық Олимпиаданың ек інші аудандық кезеңі	Шымкент 2024ж. Дарын орталығы	Грамота II-орын.
14	Сапарова Гульжан Туякбайқыз ы	Тоқтамысова Балхадиша	10 ғ	Республикалық “Алтын түлек” математикалық	Шымкент- 2024ж	II дәрежелі диплом

				олимпиадасының өңірлік кезеңі	“Зерделі” ақыл-ой дамыту мектебі және “Дарын” орталығы	№АТ10- 24-ІІ-17- 01-016
15	Сапарова Гульжан Туякбайкыз ы	Алыбай Шыңғыс	10г	Республикалық “Алтын түлек” математикалық олимпиадасының өңірлік кезеңі	Шымкент- 2024ж “Зерделі” ақыл-ой дамыту мектебі және “Дарын” орталығы	ІІ дәрежелі диплом №АТ10- 24-ІІ-17- 01-003
16	Сапарова Гульжан Туякбайкыз ы	Доспол Әділет	11 В	Республикалық “Алтын түлек” математикалық олимпиадасының өңірлік кезеңі	Шымкент- 2024ж “Зерделі” ақыл-ой дамыту мектебі және “Дарын” орталығы	І дәрежелі диплом №АТ11- 24-ІІ-17- 01-006
17	Сапарова Гульжан Туякбайкыз ы	Алыбай Шыңғыс	10 г	Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 сынып оқушыларына арналған Республикалық Олимпиаданың екінші кезеңі	Шымкент- 2024ж “Шымкент қаласының Дарын орталығы” КММ	ІІІ дәрежелі диплом №10А2024 -491
18	Ергеш Назерке Нұрланқызы	Қыдырбек Айжамал	11 Г	Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 сынып	Шымкент- 2024ж	ІІІ дәрежелі диплом

				оқушыларына арналған Республикалық Олимпиаданың екінші кезеңі	“Шымкент қаласының Дарын орталығы” КММ	11А2024-499
19	Ергеш Назерке Нұрланқызы	Қыдырбек Айжамал	11 Г	Республикалық “Алтын түлек” математикалық олимпиадасының өңірлік кезеңі	Шымкент-2024ж “Зерделі” ақыл-ой дамыту мектебі және “Дарын” орталығы	III дәрежелі диплом АТ11-24-III-17-01-011
20	Ергеш Назерке Нұрланқызы	Мурсалиев Арсен	10 А	Республикалық “Алтын түлек” математикалық олимпиадасының өңірлік кезеңі	Шымкент-2024ж “Зерделі” ақыл-ой дамыту мектебі және “Дарын” орталығы	III дәрежелі диплом АТ10-24-III-17-01-015
21	Ергеш Назерке Нұрланқызы	Сейтнасыр Айару	10 А	Республикалық “Алтын түлек” математикалық олимпиадасының өңірлік кезеңі	Шымкент-2024ж “Зерделі” ақыл-ой дамыту мектебі және “Дарын” орталығы	Грамота АТ10-24-Г-17-01-003

4. Пән апталығының өтілу барысына дайындық жұмыстарын жүргізуді жандандыру керектігі айтылды.

Аптаның 1-ші күні онкүндіктің жоспары бекітіліп, оқушыларға арналған апталықтың ашылуын математика мұғалімдері бірлесе отырып өткізуге тапсырма берілді. Онкүндіктің барысында барлық мұғалімдері ашық сабақтар мен сыныптан тыс жұмыстар жүргізу тапсырылды.

5. Келесі мәселе бойынша 9, 11 сынып оқушыларының ББЖМ мен ҰБТ-ға дайындық дәрежесі жайлы айтылды. Биылғы 11 және 9 сынып оқушыларына пән бойынша ҰБТ, ББЖМ дайындық жоспары құрылып, әкімшілік тарапынан бекітілді. ҰБТ, ББЖМ тапсыру ережелерімен таныстырылды, дайындық барысында уәждемесі төмен оқушылар анықталды, оларға арналған жұмыс жоспары түзілді. Математика пәнінен тақырыптық тесттер жинақталынды. 9-11 сынып оқушыларының ББЖМ мен ҰБТ-ға дайындығы жайында айтылды. Бірлестіктің ББЖМ мен ҰБТ –ға арналған жоспары бекітілген. Соған байланысты уәждемесі төмен оқушыларға арналған жұмыс жопары жасалынған, апталық тест жұмыстары алынып, оларға жасалған сараптамалары мен тестке талдаулар дер кезінде алынууда. ББЖМ -ға жауапты пән мұғалімдері – Әлі Ақнұр, Ешенбаева А, Сапарова Г, Ергеш Н, Абилова А. ҰБТ-ға дайындық 11- сыныптарда жүргізілуде. Оның арнайы өткізу ережесі бекітілген. Ережені негізге алған білім беру ұйымы мектептің оқу үдерісіне сәйкес іс-шаралар жоспарын түзді. ҰБТ-ға дайындық ретінде байқау тестілеуін өткізіп, сараптама талдауын жасап, көрсеткіші төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізілді. ҰБТ-ға дайындық сабақтары ұйымдастырылады, оқушылардың физиологиялық, психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып дайындауға мектептің психологиялық қызмет көрсету орталығы оз көмегін тигізді. ҰБТ нәтижесімен ата-аналарды хабардар етіп отырды. ҰБТ-ға жауапты пән мұғалімдер – Сапарова Г.Ергеш Н, Рыскулова Б.

Жиналыс жоғарыдағы мәселелерді талқылай келе мынадай шешім етеді.

ШЕШІМ:

1. I жарты жылдық қорытындысы бойынша әдістемелік бірлестік жұмыстарының есебі мен пән мұғалімдердің есебі қанағаттанарлық деп табылсын;
2. Математика және физика пәндері бойынша II тоқсандағы оқу процесінің үлгерім қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын;
3. 9, 11 сынып оқушыларының ББЖМ мен ҰБТ-ға дайындық барысы жандандырылсын;
4. Мектепшілік оқушылар олимпиадасының қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын;
5. Пән апталығына дайындық жұмыстары жүргізілсін;

Жиналыс төрағасы  Әлі Ақнұр
Жиналыс хатшысы  Қадіркен III

«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны математика әдістемелік пән бірлестік мүшелері қатысуымен болып өткен отырысының

№ 4 ХАТТАМАСЫ

28.03.2025 жыл

Қатысқандар - 13

Қатыспағандар-жөк

Қаралды:

1. III тоқсандағы оқу процесінің үлгерім, бақылау жұмыстарының сараптамасының қорытындысы;
2. ҰБТ қосымша сабақтардың өтілуі дәрежесі математика пәнінен «Ұлттық бірыңғай тестілеуге оқушыларды деңгейлік әдіс тәсілін қолдану арқылы білім сапасын көтеру»;
3. PISA, PIRLS, TIMSS, ББЖМ қорытындысын талқылау және Мемлекеттік қорытынды аттестаттау емтиханына дайындық жұмысының барысы.
4. Мұғалімнің санатын жоғарылату мәселесі бойынша жұмыс нәтижелері;
5. «Математика болашаққа жол» 03.02.25 – 13.02.25 күндері аралығында өтілген математика апталығына қорытынды жасау;
6. Әртүрлі мәселелер

ӘБ жетекшісі Нуржигитова Б.З.

Тыңдалды:

1. Алғашқы сөз кезегін ӘБ жетекшісі Нуржигитова Балжан сөз алып, III тоқсандағы оқу процесінің үлгерім, бақылау жұмыстарының сараптамасының қорытындысына тоқталып өтті. 2024-2025 оқу жылының III тоқсанында математика пәні бойынша білім сапасының және жиынтық бағалау қорытындысы көрсеткіштері қоса тігілді.

Математика пәнінен үлгерім қорытындысы

III-тоқсан

Пән	Сынып	Оқушылар саны	Үлгерім			Орташа балл	Үлгерім %	Білім сапасы %
			Үздік	Жақсы	Қанағат.			
Математика	5	219	47	85	87	3,82	100	60,27
Математика	6	215	47	80	88	3,81	100	59
Алгебра	7	225	36	98	91	3,76	100	59,56
Алгебра	8	212	24	94	94	3,67	100	55,66
Алгебра	9	239	37	103	99	3,74	100	58,58
Алгебра және анализ бастамалары	10	147	17	67	63	3,69	100	57

Алгебра және анализ бастамалары	11							
		138	31	54	53	3,8	100	61,5
жалпы	жалпы	1395	239	581	575	3,76	100	58,78

2. ҰБТ қосымша сабақтардың өтілуі дәрежесі математика пәнінен «Ұлттық бірыңғай тестілеуге оқушыларды деңгейлік әдіс тәсілін қолдану арқылы білім сапасын көтеру».

Күн тәртібіндегі өзекті мәселенің бірі ҰБТ және ББЖМ-ға дайындық іс-шаралары жоспарланып, бекітілгендігін, оқушылардың тест тапсыру ережелерімен таныстырылғандығын, ББЖМ, ҰБТ-ға байланысты ата-аналар жиналысының өткізілгендігін айтып өтті. 9-11 сыныптарға математика пәнінен тақырыптық тесттер дайындалып, апталық байқау сынақтарының өткізіліп отырғандығы жайлы және байқау тест қорытындылары бойынша апта сайын мониторингі жасалып отыратындығы айтылды.

3. Күн тәртібіндегі өзекті мәселенің бірі ҰБТ және ББЖМ-ға дайындық іс-шаралары жоспарланып, бекітілгендігін, оқушылардың тест тапсыру ережелерімен таныстырылғандығын, ББЖМ, ҰБТ-ға байланысты ата-аналар жиналысының өткізілгендігі айтылды. 9-11 сыныптарға пәндерінен тақырыптық тесттер дайындалып, апталық байқау сынақтарының өткізіліп отырғандығы жайлы және байқау тест қорытындылары бойынша апта сайын мониторингі жасалып отыратындығы айтылды. ББЖМ -ға жауапты пән мұғалімдері – Әлі Ақнұр, Ергеш Назерке, Ешенбаева Ақбаян, Нуржигитова Балжан, Сапарова Гүлжан. Ал 11 сыныптармен дайындықты- Ергеш Назерке, Сапарова Гүлжан жүргізуде. Пән мұғалімдері ББЖМ және ҰБТ-ға дайындық жоспар бойынша қосымша сабақтар өтіп жатыр.

4. Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша 2024-2025 оқу жылындағы аттестациядан өтетін мұғалімдерді таныстыру жайлы әңгіме қозғалды. 2024-2025 оқу жылында педагог қызметкерлерге арналған Ұлттық біліктілік тестке математика пәні мұғалімі Дармениязова Гүлчехра қатысатыны, сәуір айындағы тестке баратыны, жақсы дайындалып жақсы көрсеткіш көрсету үшін жақсы тілектер айтылды.

5. Математика пәні әдістемелік бірлестігінің 03.02.25 – 13.02.25 күндері аралығында өткен он күндік тақырыбы: «Математика болашаққа жол». Мақсаты: Оқушылардың білімін тереңдету. Мұғалімдердің кәсіби тәжірибе алмасуы, әріптестер арасында жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдерді бөлісу, тиімді оқыту әдістемелерін көрсету. Инновациялық технологияларды қолдану, заманауи құралдар мен әдістерді сабақ барысында көрсету арқылы оқыту үдерісін жетілдіру. Педагогикалық шеберлікті арттыру, мұғалімдердің сабақты ұйымдастыру шеберлігін көрсету және жетілдіру 3.


«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы: Әділетті Қазақстан: «Бірлік және ынтымақ» құндылығын дамыту мақсатта «Кальмар» ойыны ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушылар ойынды ойнау барысында өзіне деген сенімділікті арттырып, оң эмоциялар тудырды. Оқушылар тез ойлап, тез шешім қабылдап үйренді.


Мұғалімдер өз жоспарлаған уақытына сай ашық сабақтарын өтті. Сабақтары заман талабына сай, түрлі әдіс- тәсілдерді қолдана отырып өткізілді. Педагогикалық кеңесте Нуржигитова Балжан, Ергеш Назерке, Мәдіханова Оразкүл ұстаздарымыз апталықта өтілген үздік ашық сабақ үшін мектеп директоры Ләззат Нариманқызының атынан мектеп мадақтамасымен марапатталды.

Жиналыс жоғарыдағы мәселелерді талқылай келе мынадай шешім етеді.

ШЕШІМ:

1. III тоқсандағы оқу процесінің үлгерім, бақылау жұмыстарының мониторингісінің қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын;
2. ҰБТ қосымша сабақтардың өтілуі дәрежесі ағылшын тілі пәнінен «Ұлттық бірыңғай тестілеуге оқушыларды деңгейлік әдіс тәсілін қолдану арқылы білім сапасын көтеру» бойынша оқушылар деңгейіне қарай сабақтар жүргізілсін;
3. ҰБТ, ББЖМ-ға дайындық барысы байқау тест қорытындылары бойынша апта сайын мониторингі жасалынып жұмыстар жүргізілсін;
4. Аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің құжаттары толықтырылсын;
5. «Математика болашаққа жол» 03.02.25 – 13.02.25 күндері аралығында өтілген математика апталығы жоғары деңгейде өткізілді деп табылсын;

Жиналыс төрағасы  Нуржигитова Б

Жиналыс хатшысы  Ергеш Н

«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны математика пән бірлестік мүшелері қатысуымен болып өткен отырысының

№5 ХАТТАМАСЫ

28.05.2025жыл

Қатысқандар – 13

Қатыспаған -0

Қаралды:

1. II жарты жылдық бойынша атқарылған әдістемелік жұмыстарға талдау, есеп беру
ӘБ жетекшісі Нуржигитова Б.
2. Жылдық, IV тоқсан бойынша математика пәнінен үлгерім қорытындысы, бақылау жұмысының сараптамасы.
ӘБ жетекшісі Нуржигитова Б.
3. 11-сынып оқушыларының ҰБТ-ға дайындық қорытындысы
ӘБ жетекшісі Нуржигитова Б.
4. Жаңартылған білім мазмұны бойынша мұғалімдердің пәндік біліктілігін арттыру курстарына қатысу деңгейін талдау
ӘБ жетекшісі Нуржигитова Б.
5. 9,11 сынып оқушыларының қорытынды аттестаттау емтиханы туралы
ӘБ жетекшісі Нуржигитова Б.
6. 2024-2025 оқу жылының болжамды сағат жүктемесін талқылау
ӘБ жетекшісі Нуржигитова Б.
7. Lesson Study есебі
Тыңдалды :

Алғашқы сөз кезегін ӘБ жетекшісі Нуржигитова Балжан Закирбековна бастады. Бірлестік мүшелерінің II жарты жылдықтың аяқталуымен құттықтап, әдістемелік жұмыстарының қорытынды есебіне және пән мұғалімдерінің II жарты жылдық бойынша есебіне тоқталды.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша жылдық, IV тоқсандағы үлгерім мен бақылау қорытындысының есебі

Математика пәнінен үлгерім қорытындысы 2024-2025оқу жылы Жылдық

IV-тоқсан

Пән	Сынып	Оқушылар саны	Үлгерім			Орташа балл	Үлгерім %	Білім сапасы %
			Үздік	Жақсы	Қанағат.			
Математика	5	220	41	93	86	3,80	100	60,91
Математика	6	213	48	80	85	3,83	100	60
Алгебра	7	225	36	100	89	3,76	100	60,44

Алгебра	8	214	32	90	92	3,72	100	57
Алгебра	9	240	35	107	98	3,7	100	59,2
Алгебра және анализ бастамалары	10	147	18	66	63	3,69	100	57,14
Алгебра және анализ бастамалары	11	139	29	58	52	3,8	100	62,5
жалпы	жалпы	1398	239	594	565	3,77	100	59,59

Келесі мәселе бойынша ҰБТ –ға дайындық туралы болды. Биылғы 2024-2025ж оқу жылында жалпы 11-сыныптар бойынша -139 оқушы оқиды. Математика пәні мұғалімдері Сапарова Гүлжан Туякбайқызы, Рыскулова Биби Асқарқызы, Ергеш Назерке Нұрланқызы. ҰБТ ға дайындық ретінде байқау тестілерін өткізіп, сараптама талдауын жасап, көрсеткіші төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізілуде. Оқушылардың физиологиялық, психологиялық ерекшелігін ескере отырып, ҰБТ дайындауға мектептің психологиялық қызмет көрсету орталығы өз көмегін тигізуде. ҰБТ нәтижелерімен ата-аналарды хабардар етіп отырды.

Келесі мәселе бойынша жағартылған білім мазмұны бойынша мұғалімдердің пәндік біліктілігін арттыру курстарына қатысу деңгейін талдауды.

№	Мұғалімнің аты-жөні	Өткен мерзімі
1	Нуржигитова Балжан Закирбековна	23.05.2025 ж
2	Әлі Ақнұр Мәдешқызы	23.05.2025 ж
3	Сайдомар Гүлнар Жорабекқызы	2024 ж
4	Сапарова Гүлжан Туякбайқызы	2024 ж
5	Ешпенбаева Ақбаян Биргебаевна	2024 ж
6	Рыскулова Биби Асқарқызы	2024 ж
7	Дармениязова Гүльчехра Кадирбаевна	23.05.2025 ж
8	Ергеш Назерке Нұрланқызы	19.04.2024 ж
9	Мәдіханова Оразкүл Пардаходжақызы	08.09.2023 ж
10	Орынбай Жанар Бекалықызы	23.05.2025 ж
11	Рсымбет Аружан Шерханқызы	23.05.2025 ж
12	Палванова Данагуль Даулетқызы	23.05.2025 ж
13	Әбілқасым Мәди Қазыханұлы	2023 ж

Келесі 2024-2025 оқу жылдарындағы математика әдістеме бірлестігінің пәні бойынша курстан өту кестесіне сәйкес

№	мұғалімнің аты-жөні	аттестаттаудан өткен жылы	Санаты	2024-2025	2025-2026	2026-2027	2027-2028	2028-2029
1	Нуржигитова Балжан Закирбековна	31.08.2021ж	педагог-сарапшы		+			

2	Әлі Ақнұр Мәдешқызы	29.08.2023ж	педагог- зерттеуші				+	
3	Сайдомар Гүлнар Жорабекқызы	10.05.2024ж	педагог- зерттеуші					+
4	Сапарова Гүлжан Туякбайқызы	29.08.2023ж	педогог- зерттеуші				+	
5	Ешенбаева Ақбаян Биргебаевна	02.09.2024ж	педагог- зерттеуші					+
6	Рыскулова Бибі Асқарқызы	10.05.2025ж	педогог- зерттеуші					+
7	Дармениязова Гүльчехра Кадирбаевна	01.09.2021ж	Педагог					
8	Ергеш Назерке Нұрланқызы	28.08.2024ж	педагог- модератор					+
9	Мәдіханова Оразкүл Пардаходжақызы	28.08.2024ж	педагог- модератор					+
10	Орынбай Жанар Бекалықызы	29.08.2023ж	педогог- зерттеуші				+	
11	Рсымбет Аружан Шерханқызы	21.08.2023ж	Педагог					
12	Палванова Данагуль Даулетқызы	26.07.2024ж	Педагог					
13	Абдубаева Фариза Исламқызы	31.08.2022ж	педагог- модератор				+	
14	Әбілқасым Мәди Қазыханұлы	01.09.2024ж	педагог- модератор					+
15	Қадіркен Шырай Берікқызы	28.08.2024ж	педагог- модератор					+

Келесі мәселе бойынша Нуржигитова Балжан Закирбековна 9,11 сынып оқушыларының қорытынды аттестаттауы туралы айтып өтті. Мектепте 9,11-сынып оқушыларын қорытынды аттестаттауға байланысты дайындық кестесі құрылды. Дайындық кестесі құрылып, уақыты мен жауапты пән мұғалімдері бекітілді. Қорытынды аттестаттауды өткізетін кестесі белгіленді. 9 сыныптар үшін алгебра пәнінен, 11 сыныптар үшін алгебра және анализ бастамалары пәні

бойынша емтихан жазбаша тапсырылады. Емтихан алатын мұғалімдері мен көмекшілері тағайындалды. Ата-аналарға балаларын емтиханға дайындалу барысын қадағалау ескертілді.

2025 жылғы 20 қаңтардағы №50/1 бұйрық бойынша 9 сыныптарға алгебра пәнінен 29.05.2025ж күні, алгебра және анализ бастамалары пәнінен 11 сыныптарға 04.06.2025 ж күні өтілетін болып бекітілді.

Lesson Study есебі бойынша:

1. Әбілқасым Мәди 6 «В» сыныбына

6.12.2024 ж «Айнымалысы бар өрнек»

26.02.2025ж «Перпендикуляр түзулер және кесінділер. Параллель түзулер және кесінділер»

06.03.2025ж «Координаталық жазықтық. Тікбұрышты координаталар жүйесі.»

2. Рысмбет Аружан 6 «Ә» сыныбына

5.12.2024 ж «Айнымалысы бар өрнек»

26.02.2025ж «Перпендикуляр түзулер және кесінділер. Параллель түзулер және кесінділер»

05.03.2025ж «Координаталық жазықтық. Тікбұрышты координаталар жүйесі.»

3. Дармениязова Г 6 «Г» сыныбына

06.12.2024 ж «Айнымалысы бар өрнек»

25.02.2025ж «Айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктерді шешу»

04.03.2025ж «Координаталық жазықтық. Тікбұрышты координаталар жүйесі.»

4. Сапарова Г 10 «Г» сыныбына

05.12.2024 ж «Ықтималдықтар теориясы»

19.02.2025 ж «Шектерді табу. Бірінші тамаша шек»

04.04.2025 ж «Функцияның өсу және кему белгілері»

5. Рыскулова Б 10 «Г» сыныбына

05.12.2024 ж «Ықтималдықтар теориясы»

19.02.2025 ж «Шектерді табу. Бірінші тамаша шек»

04.04.2025 ж «Функцияның өсу және кему белгілері»

6. Ергеш Н 10 «В» сыныбына

05.12.2024 ж «Ықтималдықтар теориясы»

19.02.2025 ж «Шектерді табу. Бірінші тамаша шек»

04.04.2025 ж «Функцияның өсу және кему белгілері»


Сабақтың өту барысында тапсырмаларға сәйкес деңгейлік тапсырмаларды тиімді пайдаланды. Оқушылармен топтық жұмыс, жеке жұмыс кезінде жаңа материалды ашу бөлімінде сызбаларды ұтымды пайдалана білді. Сызба арқылы оқушылардың ойлау қабілетін, логикалық танымдық қабілеттілігін арттырды. Сабақ тиынақты көрнекілікпен, техникалық құралдар, дидактикалық тапсырмалар қолдану арқылы, оқушылардың белсенді қатысуымен өтті.

Сөз соңында ӘБ жетекшісі математика әдістемелік бірлестік жетекшісі оқу бөлмесінің жаңа оқу жылына дайындау керектігі, дидактикалық материалдар мен электронды оқулықтар санын көбейту, оны сабақтарда тиімді пайдалану керектігі туралы сөз қозғалды.

Шешім:

1. 2024-2025 оқу жылында II жарты жылдық бойынша атқарылған әдістемелік жұмыстарға талдау, есеп беру қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Жылдық, IV тоқсан бойынша математика пәнінен үлгерім қорытындысы, бақылау жұмысының сараптамасы қанағаттанарлық деп табылсын.
3. Оқушылар арасында өткізілген ғылыми жоба қорытындысы жақсы деп табылып, келесі кезеңге дайындық жұмыстары жандандырылсын.
4. 11 сынып оқушыларының ҰБТ –ға дайындық жұмыстары күшейтілсін
5. Пәндік курс бойынша жоспарға сәйкес пән мұғалімдеріне 2025-2026 оқу жылына сұраныс берілсін.
6. Оқушыларды емтиханға дайындыққа уақытында жіберіп отыру әр ата-аналардан сұралынсын
7. Болжамды сағат жүктемесіне сәйкес ҰМЖ, ҚМЖ папкалары дайындалсын.
8. Lesson Study бойынша сабақтарды өту барысы қанағаттанарлық деп табылсын.

Жиналыс төрағасы



Б.З Нуржигитова

Хатшысы



Н.Н. Ергеш